

жібермес бұрын, мұнайға *E-2*-ден келетін деэмульгаторды қосады. Термотұндырғышта мұнай шамамен 1,5 МПа қысымда 1-3 сағ бойы болады. Сусызданған мұнай *T-1* жылу алмастырғыш арқылы *E-4* резервуарға бағытталады. Резервуарда мұнай қосымша тағы судан бөлінеді. Тұндырылған су *E-5* мұнай аулағышқа жіберіліп, содан соң *A-1* ұңғымаға айдалады. Термотұндырғыштан бөлінген ағынды сулардың бір бөлігі шикізаттық сорғының қабылдауына қайта келеді, себебі ағызынды судағы деэмульгаторды қайтадан пайдалану көзделген. Аулағыштан мұнай қайта сусыздандыруға жіберіледі.

Мұнайды тұзсыздандыру. Кәсіпшілік орнындағы дайындау қондырғыларында сусыздандыру кезінде мұнай құрамындағы судың мөлшері 0,5-1,0% дейін төмендейді, сонымен қатар, тұздардың айтарлықтай бөлігі де кетеді. Дегенмен, көпшілік мұнайлар қосымша тұзсыздандыруды қажет етеді, ол кәсіпшілік орнында және мұнай өңдейтін зауыттарда жүргізіледі. Мұнайдан тұздарды бөлу үшін электр жазықтығында эмульсияны өңдеу мен термо-химиялық тұндыруды үйлестіретін әдіс қолданылады. Мұндай қондырғыларды *электрлік тұзсыздандырғыштар (ЭЛТҚ)* деп атайды.

Мұнайды электрлік тұзсыздандыру қондырғысының *т е х н о л о г и я л ы қ с ұ л б а с ы* 4-суретте келтірілген. Жуылған сулар, деэмульгатор және сілті қосылған мұнай *H-1* сорғы көмегімен *T-1* жылу алмастырғыш пен *T-2* бу қыздырғыш арқылы 1-сатыдағы электродегидраторға айдалады. Мұнда су мен тұздардың негізгі массасынан (олардың мөлшері 8-10 есеге дейін төмендейді) тазартылады. Кейбір ЭЛТҚ қондырғыларында *Э-1* алдында термохимиялық саты болады.

Э-1-ден мұнай қайта өңдеуге екінші сатыдағы *Э-2* электродегидраторына келеді. *Э-2* бермес бұрын мұнайға қайта су жіберіледі. Тұзсыздандыруға кететін судың жалпы шығыны өңделетін мұнайдың 10% құрайды. Кейбір қондырғыларда таза су тұзсыздандырудың екінші сатысында ғана беріледі, ал 1-ші саты алдында мұнай мен екінші сатыда жуылған сулар араластырылады. Осылай тұзсыздандыруға кететін су шығынын екі есе кемітуге болады.

Тұзсызданған мұнай *Э-2*-ден *T-1* жылу алмастырғыш, салқындатқыш арқылы өтіп, тұзсызданған мұнай резервуарларына беріледі. Электрдегидраторларда бөлінген су *E-1* мұнай бөлгішке қосымша тұндыру үшін жіберіледі. Тұндырғаннан кейінгі мұнай шикізат сорғысының